

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Жер және табиғи ресурстар министрлігі арасындағы Геология және жер қойнауын пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 667 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Жер және табиғи ресурстар министрлігі арасындағы Геология және жер қойнауын пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюға келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Жер және табиғи ресурстар министрлігі арасындағы Геология және жер қойнауын пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісім

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Жер және табиғи ресурстар министрлігі (бұдан әрі - Тараптар) Тараптар арасында 2002 жылғы 21 қазанда Астана қаласында қол қойылған Энергетика және минералдық ресурстар саласындағы ынтымақтастықты дамыту туралы меморандумның ережесін назарға ала отырып, мыналар туралы келісті:

1-бап

Тараптар мына жобаларды бірлесіп орындауға қатысады:

пайдалы қазбалар кен орындарының дерекқорын жасау жөніндегі жұмысты және болжамды ресурстарды бағалауды қоса алғанда, 1:1000000 масштабты бірлескен геологиялық және минерагениялық карталар жасап, Қазақстан мен Қытайдың шекара маңы аумақтарының геологиялық құрылымын кешенді зерттеу;

Оңтүстік Қазақстанның Үлкен және Кіші Қаратау жоталарының, Орталық

Қазақстанның Ұлытау тауларының және Солтүстік-Батыс Қытайдың Кепин, Кегукаин-Борокоро тауларының, Куругтаг жотасының венд, кембрий және ордовик т і р е к қ и м а л а р ы н з е р т т е у ;

1:1000000 масштабты гидрогеологиялық және геоэкологиялық карталарын жасап, Іле-Балқаш трансшекаралық бассейнінің табиғи-техногендік экожүйесіндегі су ресурстарының (жер асты және жер үсті) қазіргі жағдайын бағалау.

2-бап

Бірлескен жобаларды іске асыру үшін Тараптар оған қатысушы ұйымдарды (серіктестерді) анықтайды, олар әрбір жоба бойынша бірлескен жобалардың мәнін, мазмұнын, нысанын және оларды жүзеге асыру мерзімімен, сондай-ақ қаржыландыру мәселелерін қоса алғанда, олардың іске асырылу жағдайлары туралы жекелеген шарттар жасасады. Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес осы ұйымдарға шарттарды дайындауда келісуде және жасасуда жәрдемдеседі.

3-бап

Ынтымақтастықты ұйымдастыру және үйлестіру Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі тарапынан Геология және жер қойнауын пайдалану комитетіне, Қытай Халық Республикасының Жер және табиғи ресурстар министрлігі тарапынан Қытайдың Геологиялық қызметіне жүктеледі.

4-бап

Осы Келісімнің шеңберіндегі ынтымақтастық шарттарына және бірлескен іс-әрекеттің нәтижелеріне қатысты ақпарат жария етілмейді және мұндай ақпаратты берген Тараптың келісімінсіз үшінші тұлғаларға берілмейді.

Бірлескен жобалар бойынша ақпараттың және есептік материалдардың құпиялығын , осындай жобаларды іске асыру барысында жасалған ғылыми-техникалық ақпаратқа арналған құқықтарды сақтауға байланысты, сондай-ақ оны коммерциялық пайдалану шарттарымен байланысты міндеттемелер Тараптардың ұйымдары жасасқан шарттарда б е л г і л е н е д і .

Осы Келісімнің шарттары Тараптар мемлекеттерінің мемлекеттік құпияларын құрайтын ақпарат алмасу мәселелерін қозғамайды. Қажет болған жағдайда, бұл мәселелер Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес реттелетін болады.

5-бап

Осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға қатысты даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасында келіссөздер мен консультациялар жүргізу жолымен шешілетін болады.

6-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын хаттамалармен ресімделетін өзгерістер немесе толықтырулар енгізілуі мүмкін.

7-бап

Осы Келісім қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді, белгісіз мерзімге жасалады және Тараптардың бірі өзінің осы Келісімнің қолданылуын тоқтату ниеті туралы екінші Тараптан жазбаша хабарлама алған күннен бастап алты ай өткенге дейін күшінде қ а л а д ы .

Осы Келісімнің қолданылуын тоқтату оларға қатысты Тараптардың өзге уағдаластығы болуынан басқа жағдайда, осы Келісімнің шеңберінде бұрын басталған басқа бағдарламалар мен жобалардың орындалуына әсер етпейді.

2005 жылғы "___" _____ Астана қаласында екі данада, әрқайсысы қазақ, қытай және орыс тілдерінде жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

<i>Қазақстан Республикасы</i>	<i>Қытай Халық Республикасының</i>
<i>Энергетика және минералдық</i>	<i>Жер және табиғи ресурстар</i>
<i>ресурстар министрлігі үшін</i>	<i>министрлігі үшін</i>